



Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 4 мамыр N 2261. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.07.28. N 422 жарлығымен. ~U000422

Республиканың халқын сауықтыру және бұқаралық спортты дамыту, бұл жұмысты басқару құрылымы мен ұйымдастыруды жетілдіру, сондай-ақ спорт саласының қаржы және материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қаулы етемін:

(1-тармақ) <*> .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.07.16. N 3067 жарлығымен. U963067_

2. Штаттағы ұлттық командалардың оқу-жаттығу процесін және ірі халықаралық жарыстарды сапалы өткізу үшін Қазақстан Республикасының олимпиадаға дайындау базаларының тізбесі (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

республиканың халқын сауықтыру мақсатында 1995 жылы бұқаралық спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне табыс етсін;

жыл ішінде "Спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарауға енгізісін;

олимпиадаға дайындау базаларын жекешелендіруге болмайтын объектілер қатарына жатқызып, оларды күтіп ұстау мен күрделі жөндеуге республикалық бюджеттен жыл сайын қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

4. Жергілікті әкімдер бұқаралық және халықтық спорт түрлерін

дамытуға жәрдемдесіп, табиғат-климат жағдайын, ұлттық дәстүрлер мен қолда бар материалдық-техникалық базаны ескере отырып халық арасында спорт - сауықтыру жұмысын жүргізісін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1995 жылғы 4 мамырдағы
N 2261 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының олимпиадаға
дайындау базаларының
Тізбесі
Ақтөбе қаласы
Қалалық спорт кешенінің спорт сарайы
Алматы қаласы

Орталық стадион
Биік таудағы "Медеу" мұз айдыны
"Шымбұлақ" тау спорты базасы
Балуан Шолақ атындағы Мәдениет және спорт сарайы
Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және
спорт министрлігінің ат спорты базасы
Орталық жүзу бассейні
"Динамо" дене мәдениеті - спорт қоғамы ОК-нің жүзу
бассейні
Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің шаңғы
трамплиндерінің кешені
"Спартак" спорт кешені
Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің "Бутаковка"
оқу-жаттығу базасы

Алматы облысы

Қапшағай қаласының республикалық яхта клубы
Қазақстан Республикасының ААФКЕК Орталық Комитетінің
Қаскелең қаласындағы республикалық спорт-мылтық ату кешені

Көкшетау облысы

Щучье қаласындағы шаңғы стадион мен биатлондық атыс алаңы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК